

егемен

Қазықастан

ҚАРЫМДЫ ІСТЕРГЕ ҚАМШЫ БАСЫЛДЫ

Әр шаһардың шеткері бөліктері болатыны белгілі. Онда орталық тұстарына қарағанда қабаттасып, қаттасқан мәселелер жетіп артылып жататындығы да аян. Қарағандыдағы Майқұдық сондай аймақ саналады. Осындағы мәдениет үйінде өткен қала әкімі Ісләм Тоғайбаевтың жұртшылықпен алтыншы кездесуіне олардың көптен жиналуы көкейде жүрген, көңілді мазалаған жайларды айтушылар аз болмайтындығын аңғартқандай еді. Шынында солай болып шықты.

Айқын НЕСПБАЙ.

Өңірде жетістік аз емес, алайда жетіспеушілік те көп. Мәселен, былтырғы кездесулерде бетпе-бет сыналған кемшіліктермен бірге, жазбаша 341 арызшағым түсірілді. Соның 51-іне тікелей жауап берілсе, 64-іне тексеріс жүргізілді, 94-іне түсінік жасалды. Ал 132-сі бойынша нақты шаралар қолданылды.

Жалпы алғанда, қалың қауым мен қаланың атқарушы билік органы арасындағы екі жақты байланыстың одан сайын тамырланып, өрбуі есеп беру жиналыстарымен шектеліп қалып отырған жоқ. Оның жыл бойында үзілмеуі қалыпты үрдіске ұласып отыр. Айталық, өткен жылы 862 азаматтың әкімнің және орынбасарларының қабылдауында болуы, түскен 13683 өтініштің бәрі мерзімінде қаралып, жауап қайтарылуы соған айғақ.

Жиналыста ортаға салынғандай, Қарағандының былтырғы даму қадамы терең ізділігімен есте қаларлықтай болды. Жалпы өндірілген өнім көлемі 78 656,3 миллион теңгеге жетіп, алдындағы жылмен салыстырғанда 22,7 пайызға ұлғаюы қаланың өндірістің орталығы ретіндегі орнын қалыптастыруда бағытын бекемдей түсті. Жаңадан ашылған 7 кәсіпорын экономикалық өрлеуге бет бұрғызды.

Сонымен қатар жұрт разылығын тудырған істің бірі қаланы көркейту, инфрақұрылымын жетілдіру болып табылады. Соның ішінде үй аулаларын абаттандыруға арналған бағдарлама бойынша атқарылған жұмыс Қарағандының кескін-келбетін көріктендірді. Көктем келісімен қолға алынған осы шара арқасында 250 аула тұрғындардың, әсіресе, балалардың бір уақ сүйсіне демалатын, спорттық ойындар қызығына бататын орнына айналды.

Сүйініштісі сол, оның 200-і демеушілер көмегімен ажары кірді.

Айта кету керек, қала әкімі І.Тоғайбаев 2006 жылғы атқарылған жұмысқа есеп берді дегенмен, оның бұл міндетті атқара бастағанына 9 айдың жүзі енді толады. Өзінің алдында орын ауыстырған екі әкімнің біреуі бастап, екіншісі тастап кеткен істің кетеуін тереңдетпей іле түзеп әкету бұған дейін облыс әкімінің бірінші орынбасары болғанымен, оған оңай соқпасы анық. Мұны айтып жатпағаны орынды көрінгенімен, әлі де шешімін таппаған қиындықтардың басын ашпай, айналып өтуі баяндама әсерін әлсіретіп алғандығын жасыра алмаймыз. Есесіне сөз сөйлеушілер соларды атап айтып,

ойларын ірікпей толғауы майқұдықтықтар қынжылса қынжыларлықтай біраз жайлар баршылығын алға жайды.

Сөз кезегі алдымен тиген еңбек ардагері Н.Воронина аталған аймақтың байырғы тұрғыны ретінде кейінгі кездегі тамаша өзгерістермен қатар, жұрт ренішін тудырып жүрген “Горняк” дүкені түбіндегі базардағы жағдайға қала әкімдігінің қалайша төзіп келе жатқандығына танданыс білдірді. Нина Николаевна айтса айтқандай-ақ осы бір жердегі бей-берекет сауда, кісі жирендірер ашық жаймалар, одан қалды тәртіпсіздік, ылғи масаң күйдегі тобырдың үймелесі, міне, көп жылдан бергі келеңсіз көрініс осы. Неге екені белгісіз, онда тазалықты сақтауға, жат әрекеттерді тыюға әл келмейтіндей. “Соны біле, көре тұра қашанға дейін төзе бересіздер”, деген зейнеткер әйелдің жанайқайы үнсіз мойындалды. Бұл мәселе былтыр да айтылғаны есімізде. Сонда тиісті шара қолданылатындығына уәде берілгені ұмытыла қойған жоқ. Амал не, жағдай өзгермепті. Биыл да сол қалпында қала ма деп ойладық. Өйткені, өйтіледі, бүйтіледі делінген жалпақ сөзден басқа нақты ештеңе естілмеді.

Бұдан кейін зал ортасындағы микрофонды қолға ұстаған Мейрам Екінов деген жігіт ағасы мемлекеттік тіл мәселесін көтерді. Әкім есебінің әдеттегідей бас жағы қазақшамен қайрылып тасталып, аяғы бір-екі сөзбен қорытындылануына байланысты осындай көз алдарқату қашанға созыла беретіндігіне өкпе-ренішін жасырмай, тілімізді өздері түгіл, өзгелерге меңгертуге қырын қарайтын шахта басшысын атағанда жиналыс басқарушы сөзді басқа жаққа бұрып жіберді. Мардымды жауап ести алмай тосылып қалған ол амалсыз орысшаға көшіп, үйлердің суықтығына, жолдардың нашарлығына, 11 шағын аудандағы “Мақсат” дүкенінде ішімдіктің күндіз-түні үлкен-кішінің бәріне бірдей сатылатындығына тоқталды. Мұның өзі жиналғандардың ортақ ойын білдіргендей әңгімеге ұласып кетті. Зейнеткер Бердәлі Райсов: “Мен тұратын үйден адам шошынады. Ылғи маскүнемдер мекені ме дерсің. Қаңырап, есік-терезесі үңірейген пәтерлердің иесі кім екені беймәлім. Түнер орны жоқ біреулер келіп жатады. Тәртіп сақшыларының қарасы да көрінбейді. Бір жылдан бері газ беру тоқтатылды, бөлмелер азынаған суық. Сонда қалай, ешкімге керегі жоқтай жандар болғанымыз ба?”, деді

Ата-баба жеріне оралған он баланың анасы Рымкеш Сүлейменованың да мұң-зары әкім құлағына жетті. Оған бұдан жеті жыл бұрын 17 шағын аудандағы 88 үйден үш бөлмелі пәтер берілгенімен, аты бар заты жоқтай болып қалған. Төбесінен су тамшылайды, ыстық суға, тіпті ауыз суға зәру болу жиі кездеседі. Көп балалы отбасы атынан жөндеу жұмыстарын жүргізуге қол үшін беруге Октябрь аудандық, одан қалалық әкімдікке сан рет өтініш жасап баққанымен күні бүгінге дейін еш нәтиже жоқ. Көмек көрсетілетіндігі жөнінде ардақты анаға бұл жолы да уәде берілді. Тек бес жыл бойындағыдай құрғақ сөз ауыз жыртар болмаса жарады дерсің.

“Мен 13 шағын ауданның тұрғынымын. Рымкеш апайымыз айтқан жай бізге де тән. Сондықтан қайта қаузап жатпай-ақ қояйын. Басқасын былай қойғанда, майқұдықтықтарға жеке куәлік, төлқұжат алу дегеніңіздің өзі әжептәуір әуре

екенін қайтерсіз. Оны толтырып беретін Октябрь ауданындағы мекеме іші үнемі ұзыннан-ұзақ кезек. Тым болмаса осынау істің дұрыстап ұйымдастырылмауына өкпеміз бар”, – деді бұрынғы ұстаз Төлеу Әлдекова. Сөз сөйлеушілер сондай-ақ балабақшалардың, мектептердің тарлығын, демалатын орындардың аздығын, нашақорлық және маскүнемдікпен күрестің пәрменсіздігін тілге тиек етті. Мұндай кездесулерді әкімдер ғана емес, басқа да мемлекеттік органдардың басшылары өткізулері де керектігіне тілек білдірілді. Шынында, халықпен жақындастыра түсетін, түсіністікті тереңдететін, олқылықтарды дәл анықтап, іс-шараларды нақты бағыттауға жол сілтейтін осынау жиындардың мән-маңызы айрықша зор. Қарағанды қалалық әкімдігі де енді қарымды істерге қамшы басар деген ойдамыз. Қарағанды.